

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
АҚҚАЛ АУДАНАРАЛЫҚ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ

**ЗАҢДЫ ТҮЛҒАНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК
КАЙТА ТІРКЕУІ ЖҮРГІЗІЛДІ**

2021 ж. «15» 01

041 240 006 352

(бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

Алғашқы тіркелген күні 22.12.2009

Ақмола облысы әкімдігінің
2021 жылғы 5 қаңтардағы
№ А-1/2 қаулысымен
бекітілген



**«Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша
білім бөлімі Степногорск қаласының А.С.Пушкин атындағы
№ 3 көпсалалы мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
ЖАРҒЫСЫ**

1. Жалпы ережелер

1. «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі Степногорск қаласының А.С. Пушкин атындағы № 3 көпсалалы мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (әрі қарай – мемлекеттік мекеме) ұйымдық-құқықтық нысанында тәрбие мен білім беру функцияларын жүзеге асыру үшін құрылған заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.

3. Мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы Ақмола облысының әкімдігі болып табылады (әрі қарай – Құрылтайшы).

4. Мемлекеттік мекеменің уәкілетті органы «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып табылады (әрі қарай – тиісті саланың уәкілетті органы).

5. Мемлекеттік мекеменің атауы: «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі Степногорск қаласының А.С.Пушкин атындағы № 3 көпсалалы мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

6. Мемлекеттік мекеменің тұрған жері: 021501, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Степногорск қаласы, 3-шағынаудан, № 2-ғимарат.

2. Мемлекеттік мекеменің заңдық мәртебесі

7. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банкте шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік тілде мемлекеттік мекеменің атауы бар бланкілері, мөрі болады.

8. Мемлекеттік мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

9. Мемлекеттік мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі ақшамен жауап береді. Мемлекеттік мекемеде ақша жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауапты болады.

10. Мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндетті тіркелгеннен кейін өз күшіне енеді.

3. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары

11. Мемлекеттік мекемесі қызметінің мәні тұлға, қоғам, мемлекет мүддесінде оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу болып табылады. Мемлекеттік мекеме алты жастан он жеті (он сегіз) жасқа дейінгі балаларға білім бере отырып оларды қауіпсіздігі және білім алуларына жағдай жасайды, білім алуға өзекті түйінді мәселелерді шешу жолдарын анықтауға бағытталған зерттеушілік қызметті жүзеге асырады, мемлекетпен кепілдендірілген құқықты және мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты шегінде жалпы орта білімді тегін алуға мүмкіндік береді, мектепалды дайындық сыныптарда бес жастан алты жасқа дейінгі балаларды біліммен қамтамасыз етеді.

12. Мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаты Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беру бағдарламаларын, сондай-ақ оқушыларды тереңдете, бейіндік, саралап оқытуды көздейтін қосымша жалпы білім беру бағдарламаларын сапалы меңгеру үшін оңтайлы жағдайлар жасау болып табылады.

Мемлекеттік мекеме мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- 1) жаппай біліммен қамту;
- 2) білім беру үдерісінің үздіксіздігі;

Білім беретін оқу бағдарламалары мыналарды жүзеге асырады:

Бастауыш білім беру (1-деңгей) білім алушылардың дамуын, олардың оқуды, жазуды, шотты, оқу іс-әрекетінің негізгі жаттығулары мен негізгі дағдыларын, теориялық ойлау элементтерін, оқу іс-әрекеттерін, өзін-өзі бақылаудың қарапайым дағдыларын, мінез-құлық және сөйлеу мәдениетін, гигиена және салауатты өмір салты негіздерін меңгеруін қамтамасыз етеді;

бастауыш білім негізгі жалпы білім алу үшін негіз болып табылады;

негізгі орта білім беру (2-деңгей) оқушылардың мектеп бейіні бойынша тереңдете отырып, негізгі жалпы білім берудің жалпы білім беру бағдарламаларын меңгеруін, білім алушылардың жеке тұлғасын қалыптастыру және қалыптасу жағдайларын, олардың әлеуметтік өзін-өзі анықтауға бейімділігін, қызығушылығы мен қабілетін меңгеруін қамтамасыз етеді және

орта (Толық) жалпы білім, бастауыш және орта кәсіптік білім алу үшін база болып табылады;

жалпы орта білім беру білім алушылардың бейіналды және бейінді даярлығын қамтиды. Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары (3-денгей) жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша бейіндік оқытуды енгізе отырып, білім беру мазмұнын саралау, біріктіру және кәсіптік бағдарлау негізінде әзірленеді;

Қосымшаға міндетті пәндерді оқытуды ұйымдастыру үшін білім алушылардың мүдделерін, қабілеттері мен мүмкіндіктерін іске асыруға бағытталған өздерінің таңдау бойынша пәндері енгізіледі

3) оқыту және тәрбиелеу мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі;

4) инклюзивті білім беруді қамтамасыз етеді, мүмкіндігі шектеулі адамдардың білім алуы үшін арнайы жағдайлар жасайды;

5) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ата-аналардың өтініші бойынша қосымша ақылы білім беру қызметтерін көрсету;

6) мұғалімдердің кәсіби шеберліктерін жетілдіру;

7) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз етеді;

8) негізгі орта және жалпы орта (толық) білім беру бағдарламаларын игеру бітірушілерді міндетті қорытынды аттестаттаумен аяқталады; ауыстыру және қайта оқыту Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нұсқауына сәйкес жүзеге асырылады.

9) мемлекеттік мекемесінің қызметіне әдістемелік жетекшілікті Педагогикалық Кеңес жүзеге асырады.

10) жергілікті атқарушы органның келісімі бойынша ата-аналардың (оларды алмастыратын адамдардың) мүдделерін ескере отырып, психикалық дамуы тежелген балаларға арналған мамандандырылған және бейінді сыныптар мен топтар, түзету сыныптары ашылуы мүмкін.

11) білім беру ұйымының антитеррорлық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді; жеке басын куәландыратын құжаттарды, сондай-ақ бөгде қол жүгі, пакеттері, қораптары бар білім алушыларды, педагогтерді, ата-аналарды (заңды өкілдерін) тіркеусіз мекемеге бөгде адамдардың еркін кіруіне жол берілмейді; мектеп оқушылары ата-аналарының немесе ерекше қажеттіліксіз өзге тұлғалардың мектеп ғимараттарына кіру мүмкіндігі, сондай-ақ мектеп оқушылары ата-аналарының мекеме фойесінен тыс жерлерде болуы шектелген;

12) денсаулық сақтау мекемесімен шарт жасасу арқылы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді;

13) ата-аналар (заңды өкілдер) міндетті: білім беру мекемесінде мектептің Қамқоршылық кеңесімен бекітілген, мектеп кеңесімен белгіленген үлгідегі мектеп формасымен оқушылардың сабаққа қатысуын қамтамасыз ету, киім үлгісін қадағалау;

14) мектепке қызметкерлер мен білім алушылардың шанышпалы кесетін

заттар, химиялық және улы заттар, қабілетті залал келтіретін, сондай-ақ денсаулығына қауіп төндіретін заттарды әкелуге тыйым салынады;

15) лицензиялауға жататын қызмет түрлерін тиісті лицензияны алғаннан кейін мемлекеттік мекеме жүзеге асырады.

13. Мемлекеттік мекемеге осы Жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға тыйым салынады.

14. Оқу процесі ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен келесі жылдың 25 мамырына дейін жүзеге асырылады. Оқу жылы ішінде каникулдар белгіленеді.

Білім алушылардың саны мемлекеттік мекеменің жобалық сыйымдылығынан аспауы тиіс. Қашықтан оқыту нысаны бойынша білім алушылардың саны жалпы оқушылар санына кірмейді.

Сыныптардың толымдылығы 25 оқушыдан артық болмауы тиіс.

Мемлекеттік органдары төтенше жағдайында шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізген кезінде немесе белгілі аумақта төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда сынып-жиынтықтар сыныпта 15 оқушыға дейін болуы мүмкін.

15. Мемлекеттік мекемесі "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау" мемлекеттік қызмет стандартына сәйкес дайындық деңгейіне қарамастан білім беру ұйымдарына қызмет көрсету аумағында тұратын барлық балаларды бірінші және оныншы сыныпқа қабылдауды қамтамасыз етеді.

Білім беру ұйымына бірінші және оныншы сыныпқа келетін балалардың заңды өкілдерінен өтініштерді қабылдау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізіледі. Бастауыш білім беру ұйымдарының бірінші сыныбына қабылдау кезінде емтихандар, тестілеу, сынақтар, конкурстар өткізілмейді. Білім алушылар қатарына қабылдау білім беру ұйымы басшысының бұйрығы негізінде жүргізіледі.

16. Мемлекеттік қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіз болуы мүмкін:

- 1) құжаттардың толық емес пакетін ұсыну;
- 2) құжаттарда дәйексіз немесе бұрмаланған фактілердің (мәліметтердің) анықталғаны.

17. Мемлекеттік мекемесінен білім алушыларды шығару ерекше жағдайларда құқыққа қарсы әрекеттер жасағаны, білім беру ұйымының Жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғаны үшін білім беру ұйымының мемлекеттік басқару органының шешімі бойынша жол беріледі.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды алып тастау туралы шешім қорғаншы және қамқоршы органдардың келісімімен қабылданады.

18. Мемлекеттік мекемесінде оқу-тәрбие үрдісі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік стандарттарына, мемлекеттік оқу жоспарына және мектеп директоры бекіткен тақырыптық жоспарлауға сәйкес әзірленген оқу жұмыс жоспарлары мен оқу жұмыс бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

19. Мемлекеттік мекеме оқытудың нысандарын, құралдары мен әдістерін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектерде оқытудың нысандарын, құралдарын және әдістерін өз бетінше таңдайды.

20. Мемлекеттік мекемесіндегі тәрбие бағдарламалары білім беру үдерісінің құрамдас бөлігі болып табылады және патриоттық, азаматтық, интернационализм, жоғары мораль мен адамгершілік қалыптастыруға, сондай-ақ білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жан-жақты мүдделері мен қабілеттерін дамытуға бағытталған.

21. Мемлекеттік мекемесіндегі тіл саясаты Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

22. Білім алушылардың бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларын меңгеруін бақылау мақсатында мемлекеттік мекеме білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды және қорытынды аттестаттауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүзеге асырады.

23. Мемлекеттік мекемеде негізгі орта білім берудің, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламаларын меңгеру Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын бітірушілерді қорытынды аттестаттаумен аяқталады.

24. Мемлекеттік мекемесінің түлектеріне қорытынды аттестаттаудан өткеннен кейін білім деңгейі туралы мемлекеттік үлгідегі, мемлекеттік мекеменің мөрімен расталған құжат беріледі.

25. Мемлекеттік білім беру мекемелерінің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізу жөніндегі ақылы қызмет түрлерін көрсету және олардың тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түскен ақшаны жұмсау «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және ата-аналардың таңдауларына сәйкес мемлекеттік мекеменің оқу бағдарламасына қосымша ақылы білім беру қызметтерінің жүйесі енгізілуі мүмкін.

26. Мемлекеттік мекемесі ақылы қызмет көрсету туралы шарт жасасумен ақылы негізде мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарынан тыс келесі тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) ұсынуға құқылы:

1) қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру (балалар мен жасөспірімдер шығармашылығын, спорт, мәдениет және өнер саласындағы бейімділігі мен мүдделерін дамыту, мамандардың біліктілігін арттыру);

2) оқу жоспары мен бағдарламалары бойынша бөлінген оқу уақытынан тыс пәндер (пәндер мен пәндер циклдері) бойынша жекелеген білім алушылармен қосымша сабақтар ұйымдастыру;

3) білім алушылар, педагог қызметкерлер және ересектер арасында спорттық жарыстар, семинарлар, кеңестер, конференциялар, сондай-ақ оқу-әдістемелік әдебиетті әзірлеу және іске асыру бойынша әртүрлі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ оқу-әдістемелік әдебиеттерді әзірлеуге және оларды сатуға;

27. Мемлекеттік білім беру мекемелерінің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу жөніндегі ақылы қызмет түрлерін көрсетудің және олардың тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен акшаны жұмсаудың бекітілген қағидаларына сәйкес «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және ата-аналардың тілектеріне сәйкес мемлекеттік мекеменің оқу бағдарламасына қосымша ақылы білім беру қызметтерінің жүйесі енгізілуі мүмкін.

28. Ақылы қосымша білім беру қызметтерін көрсетуден алынған қаражат білім беру процесіне, оның ішінде оқу жабдығын, әдебиетті сатып алуға, педагогтердің қосымша еңбегіне ақы төлеуге, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес мемлекеттік мекеме қызметкерлерін материалдық қолдауға қайта инвестицияланады.

29. Мемлекеттік мекемесінің және білім алушының, оның ата-анасының және өзге де заңды өкілдерінің өзара қарым-қатынастары шартпен реттеледі.

30. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің білім алуға құқығы бар:

1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алу;

2) білім беру ұйымы кеңесінің шешімі бойынша жеке оқу жоспарлары, қысқартылған білім беретін оқу бағдарламалары бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары шеңберінде оқыту;

3) оқу жоспарларына сәйкес баламалы курстарды таңдау;

4) қосымша білім қызметтерін алу, өзінің бейімділігі мен қажеттіліктеріне сәйкес ақылы негізде білім алу;

5) білім беру ұйымын басқаруға қатысу;

6) бір оқу орнынан екіншісіне қайта қабылдану және ауысу;

7) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен білім беру ұйымдарында ақпараттық ресурстарды тегін пайдалануға, оқулықтармен, оқу әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етуге;

8) спорт, оқу, акт залдарын, кітапхананы тегін пайдалану;

9) өз пікірі мен сенімдерін еркін білдіру;

10) өзінің адами қадір-қасиетін құрметтеу;

11) оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін көтермелеу және сыйақы алуға құқығы бар;

12) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру.

31. Мемлекеттік мекемеде білім алушылар мен тәрбиеленушілер міндетті:

- 1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына

сәйкес білімді, іскерлікті және практикалық дағдыларды меңгеруге;

- 2) ішкі тәртіп ережелерін сақтауға;

- 3) мемлекеттік мекеменің мүлкіне ұқыпты қарауға;

- 4) басқа білім алушылар мен қызметкерлердің ар-намысы мен қадір қасиетін құрметтеуге;

- 5) білім беру ұйымының Жарғысында және білім беру қызметін көрсету туралы шартта көзделген өзге де талаптарды орындауға;

- 6) өз денсаулығына қамқорлық жасау, рухани және физикалық өзін-өзі жетілдіруге ұмтылу;

- 7) педагог қызметкерлердің ар-намысы мен қадір-қасиетін, оқитын оқу орнының дәстүрлерін құрметтеуге;

- 8) мемлекеттік мекемеде белгіленген мектеп формасын киюді сақтауға және әртүрлі конфессиялардың киім элементтерін мектеп нысанына (оның ішінде бас киімдерді (тақияларды, орамалдарды т.б) пайдалануға жол бермеуге.

32. Кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдері құқылы:

- 1) баланың қалауы, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру ұйымын таңдауға;

- 2) мемлекеттік мекеменің басқару органдарының жұмысына ата-аналар комитеттері арқылы қатысуға;

- 3) білім беру ұйымынан өз балаларының үлгеріміне, мінез-құлқына және оқу жағдайларына қатысты ақпарат алуға;

- 4) олардың балаларының шарттық негізде қосымша қызметтер алуына;

- 5) мектеп формасы туралы мәселелерді талқылауға қатысуға және оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізуге;

- 6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де құқықтар.

33. Ата-аналар мен өзге де заңды өкілдер міндетті:

- 1) балалардың өмірі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың зияткерлік және дене күшін дамытуды, адамгершілік қалыптасуын қамтамасыз етуге;

- 2) білім беру ұйымдарына балаларды оқыту мен тәрбиелеуде көмек көрсетуге;

- 3) балалардың оқу орнындағы сабаққа қатысуын қамтамасыз етуге;

- 4) оқушылар мемлекеттік мекеменің мүлкін бүлдіргені үшін ата-аналары материалдық жауапкершілікке тартылады;

- 5) білім алушыларды мемлекеттік мекемеде белгіленген мектеп формасымен жүруді қамтамасыз етуге;

6) білім беру мекемесіне мектеп әкімшілігінің шақыруымен келуге және ата-аналар жиналысына қатысуға;

7) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен карастырылған өзге де міндеттерді сақтауға.

34. Мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің еңбек қатынастары еңбек заңнамасына сәйкес жеке еңбек шартымен реттеледі.

35. Тиісті кәсіптік білімі бар азаматтар мемлекеттік мекемеде педагогикалық қызметпен айналысуға құқылы.

36. Мемлекеттік мекемедегі педагогикалық жұмысқа сот тыйым салған адамдар жіберілмейді.

37. Мемлекеттік кеттік мекемесі қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері мемлекеттік мекеменің Жарғысымен, ішкі тәртіп ережелерімен және лауазымдық нұсқаулықтармен анықталады.

38. Педагогикалық қызметкердің құқықтары.

1. Кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезінде педагогтің:

1) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған кезде кәсіптік қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға;

2) лауазымды адамдар және басқа да тұлғалар тарапынан заңсыз араласудан және кедергі келтіруден қорғалуға;

3) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан кәсібіне құрметпен қаралуына және тиісінше мінез-құлық көрсетілуіне;

4) кәсіптік қызметін жүзеге асыру үшін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуге және қажетті жағдайлардың жасалуына;

5) ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыруға, педагогтік практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге;

6) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған кезде шығармашылық бастамаға, оқыту мен тәрбиелеудің авторлық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеуге және қолдануға, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, неғұрлым жетілдірілген әдістерін дамытуға және таратуға;

7) білім беру бағдарламасына сәйкес оқыту мен тәрбиелеудің оқу құралдарын, материалдарын және өзге де құралдарын таңдауға;

8) білім беру бағдарламаларын, оқу жоспарларын, білім беру қызметінің әдістемелік материалдары мен өзге де құрауыштарын, сондай-ақ оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу құралдарын әзірлеуге қатысуға;

9) жұмыс орны бойынша сайланбалы лауазымға сайлануға және оны атқаруға;

10) білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған, оның ішінде білім беру ұйымының қызметіне қатысты мәселелерді талқылауға қатысуға;

- 11) білім беру ұйымын басқарудың алқалы органдарының жұмысына қатысуға;
 - 12) бес жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыруға;
 - 13) үздіксіз кәсіптік дамуға және біліктілікті арттыру нысандарын таңдауға;
 - 14) біліктілік санатының мерзімінен бұрын берілуіне;
 - 15) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке педагогтік қызметке;
 - 16) кәсіптік қызметіндегі табыстары үшін көтермеленуге;
 - 17) "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруға;
 - 18) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен және шарттарда кәсіптік дағдыларын сақтап-тұру және арттыру үшін "Болашақ" халықаралық стипендиясы бойынша тағылымдамадан өтуге;
 - 19) өзіне қатысты қабылданатын ұйым басшысының актілеріне, әрекеттеріне және шешімдеріне жоғары тұрған лауазымды адамдарға немесе сотқа шағым жасауға;
 - 20) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан ар-намысы мен қадір-қасиетіне құрмет көрсетілуіне құқығы;
 - 21) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтары бар.
2. Педагогтің осы баптың 1-тармағында көзделген құқықтарын жүзеге асыру басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға тиіс.
39. Педагог қызметкердің міндеттері.
1. Педагог:
 - 1) өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерді меңгеруге;
 - 2) оқыту мен тәрбиелеудің педагогтік қағидаттарын сақтауға, оқыту мен тәрбиелеудің сапасын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында көзделген талаптардан төмен емес деңгейде қамтамасыз етуге;
 - 3) өзінің кәсіптік шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруге, оның ішінде біліктілік санаты деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттыруға (растауға);
 - 4) педагогтік әдепті сақтауға;
 - 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндетті мерзімдік медициналық қарап-тексерулерден өтуге;
 - 6) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің және олардың ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;
 - 7) балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;

8) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға;

9) білім беру ұйымының басшылығына өмірлік қиын жағдайда жүрген баланың анықталу фактілері туралы дереу хабарлауға;

10) құқық қорғау органдарына және білім беру ұйымының басшылығына қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар әрекеттерді (әрекетсіздікті) кәмілетке толмағандардың жасау немесе оларға қатысты жасалу, оның ішінде білім беру ұйымынан тыс жерде кәсіптік қызметіне байланысты өзіне белгілі болған фактілер туралы дереу хабарлауға;

11) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-анасына немесе өзге де заңды өкілдеріне консультация беруге міндетті.

2. Педагог білім беру процесін саяси үгіттеу, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді саяси, діни немесе өзге де сенім-нанымдарды қабылдауға не олардан бас тартуға мәжбүрлеу үшін, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық немесе діни алауыздықты қоздыру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни немесе тілдік тиесілік белгісі, дінге көзқарасы бойынша азаматтардың ерекшелігін, астамшылығын не кемшіндігін насихаттайтын, оның ішінде білім алушыларға Қазақстан Республикасының ұлттары мен ұлыстарының тарихи, ұлттық, діни және мәдени дәстүрлері туралы анық емес мәліметтерді хабарлау арқылы үгіттеу үшін, сондай-ақ білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін әрекеттерге итермелеу үшін пайдалануға құқылы емес.

40. Педагог қызметкер міндеттерін және педагогикалық этика нормаларын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында және еңбек шартында көзделген жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

41. Мемлекеттік мекеме тарифтік-біліктілік талаптарына сәйкес және аттестаттау комиссиясының шешімі негізінде Бірыңғай тарифтік кесте негізінде қызметкерлерге жалақы (лауазымдық жалақылар) ставкаларын белгілейді; штаттық кестеге сәйкес еңбекақы төлеуге бағытталған қаражат шегінде үстемеақылардың, қосымша ақылар мен ынталандыру сипатындағы басқа да төлемдердің түрлері мен мөлшерін айқындайды.

42. Мемлекеттік мекемесінде еңбекті ұйымдастыру Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған барлық әлеуметтік-экономикалық құқықтарды қызметкерлерге кепілді ұсыну негізінде құрылады.

4. Мемлекеттік мекемені басқару

43. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықталған салаға сай өкілетті орган мемлекеттік мекемені жалпы басқаруды жүзеге асырады.

44. Құрылтайшы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ретпен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) мемлекеттік мекемесінің мүлігін бекітіп береді;
- 2) мемлекеттік мекеме жарғысын (ережесін) бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;
- 3) мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату бойынша шешім қабылдайды;
- 4) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға мемлекеттік мекемесіне берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуді жүзеге асырды;

45. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ретпен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) мемлекеттік мекемесінің қаржыландыру жоспарын бекітеді;
- 2) мемлекеттік мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;
- 3) мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, құрылуы тәртібі мен өкілеттік мерзімін, мемлекеттік мекеменің шешімдер қабылдау тәртібін анықтайды;
- 4) мемлекеттік мекеме басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны лауазымдық қызметінен босату негізін анықтайды;
- 5) мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен шекті штат санын бекітеді;
- 6) жылдық қаржылық есептілікті бекітеді;
- 7) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға мемлекеттік мекемесіне берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге жазбаша келісім береді;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады;

46. Мемлекеттік мекемесінің басшысын салаға сәйкес уәкілетті орган қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

47. Мемлекеттік мекеменің басшысы мемлекеттік мекеме жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді, тиісті саланың уәкілетті органына тікелей бағынады және мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттер мен олардың өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауапты болады.

48. Мемлекеттік мекеменің басшысы дара басшылық қағидаты бойынша әрекет етеді және мемлекеттік мекеме қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

49. Мемлекеттік мекеме басшысының мемлекеттік мекемемен жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілікке әкеледі.

50. Мемлекеттік мекеме басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда мемлекеттік мекеменің мүддесін білдіреді;

3) шарттар жасасады;

4) сенімхаттар береді;

5) мемлекеттік мекеменің іссапарларға, тағылымдамаға, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқытуға және қызметкерлердің біліктілігін жоғарылатудың өзге де түрлеріне байланысты тәртібі мен жоспарларын бекітеді;

6) банк шоттарын ашады;

7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

8) мемлекеттік мекемеге жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

9) мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көтермелеу және жазалау шараларын қолданады;

10) өз орынбасарының (орынбасарларының) және мемлекеттік мекеменің өзге де басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктер аясын айқындайды;

11) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы Жарғымен және тиісті саланың уәкілетті органы жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5. Мемлекеттік мекеме мүлкінің құрылу тәртібі

51. Мемлекеттік мекемесінің мүлкін заңды тұлғаның активтері құрайды, олардың құны оның балансында көрсетіледі. Мемлекеттік мекемесінің мүлкі:

1) меншік иесі берген мүлік;

2) өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен жүзеге асырылады.

52. Мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және оған смета бойынша бөлінген каражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

53. Егер Қазақстан Республикасының заңдарымен мемлекеттік мекемесіне кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған ақша тиісті бюджетке есептелуге жатады.

54. Мемлекеттік мекемесінің қызметін, егер қосымша қаржыландыру көзі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленбесе, сәйкес саланың уәкілетті органы бюджеттен қаржыландырады.

55. Мемлекеттік мекемесі бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есеп береді.

56. Мемлекеттік мекемесінің қаржы – шаруашылық қызметін тексеру және ревизиялау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген сәйкес саланың уәкілетті органымен жүзеге асырылады.

6. Мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі

57. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

7. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

58. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

8. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

59. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

60. Мемлекеттік мекеме заңнамалық актілерде көзделген басқа да негіздер бойынша таратылады.

61. Таратылған мемлекеттік заңды тұлғаның кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлкін Құрылтайшы қайта бөледі.

62. Мемлекеттік мекеменің таратылған мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, осы мекеменің кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақшасы тиісті бюджет кірісінің есебіне жатқызылады.

9. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер

63. Мемлекеттік мекемесінің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

Басшы


А.Т.Ә


ҚОЛЫ